



ПРИОЗЁРСКИЙ

18+

№ 44/636

01 ноября 2019 года

газета издается с 26.06.2004 года

Вестник

КАЗНУ ИМ. АЛЬ-ФАРАБИ ДОЛЖЕН ВОЙТИ В СПИСОК 200 ЛУЧШИХ ВУЗОВ МИРА – ТОКАЕВ



Глава государства Касым-Жомарт Токаев накануне в ходе рабочей поездки в Алматы посетил Казахский национальный университет имени аль-Фараби, сообщает пресс-служба Президента РК.

Касым-Жомарт Токаев ознакомился с деятельностью Центра ситуационного управления, достижениями вуза по внедрению цифровых технологий, а также кластером развития бизнес-компетенций.

Глава государства также осмотрел Центр обслуживания "Керемет", расположенный на территории студенческого кампуса. Данный центр оказывает свыше 500 различных услуг для студентов и преподавателей по принципу "одного окна".

"Посетил КазНУ им. аль-Фараби – один из ведущих вузов нашей страны. Он является кузницей кадров для науки и культуры, политики и экономики Казахстана. Университет должен войти в



список 200 лучших высших учебных заведений мира", – написал Глава государства в Twitter.

дательства в Twitter.

Источник: www.akorda.kz

ЕНДІГІ ДАУ БЕНЗИННЕН ШЫҚПАСЫН...

Соңғы уақытта жанармай бағасына қатысты мәселе Энергетика министрлігі мен Ұлттық экономика министрлігінің арасында көкпарға айналып кеткендей. 22 қазан күні Энергетика министрі Қанат Бозымбаев жыл аяғына дейін бензиннің акциз бағасының көтерілмейтінін айтты. Ал бұдан сәл бұрын Ұлттық экономика министрі Руслан Дәленов оны көтеру туралы мәселе қарастырылып жатқанын хабарлағанды.



Қазіргі таңда еліміздегі жанармай құю бекеттеріндегі бөлшек сауда бағасының Ресейдегіден айырмашылығы шамамен 100 теңгені құрайды, ал Қырғызстанда бір литр бензин 70-80 теңге. Бензинге және дизель отынына акцизді арттыру туралы қаулы жобасы Орел NRA порталында қоғамдық талқылауға шығарылған еді. «Зауыт үшін акциздердің қосымша өсуі мұнай өнімдерін экспорттаушылар мен жер қойнауын пайдаланушылар үшін айтарлықтай қаржылық ауыртпалық болады», делінген құжатта.

Ұлттық экономика министрлігінің хабарлауынша, шекаралас аймақтарда ресейліктер Қазақстанда арзан бензинді арзан бағамен құяды, бұл Ресей экономикасын субсидиялаудың бір түрі болып табылады. «Оның орнына Ресей бізге не береді?» - деген сауалдың жауабы біздің Үкіметті шындап ойландыратын кез енді келді. Себебі сарапшылар «ЕАЭО-дағы еліміздің ұпайын бір түгендесек, бензин арқылы түгендей

аламыз» деген сүйінші хабарды ел-жұртқа таратып жіберуге асығып отыр.

Алда ЕАЭО нарығында жанар-жағармай секторының ортақ нарығын көтеру мәселесі күн тәртібіне шығатын уақыт келе жатыр.

«Бағаны көтеру арқылы ішкі нарықты бензинмен, өз күшімізбен қамтамасыз ете аламыз ба?» деген сауал Үкіметтің экономикалық блогының түн ұйқысын төрт бөліп жүргені байқалады. Себебі сарапшылар Қазақстан қай бағытқа басымдық беруі керектігін қазірдің өзінде ашық айта бастады: біріншісі – ЕАЭО арқылы ресейлік нарықты жаулау; екіншісі – Еуропа елдерінің нарығын бетке алу.

Сарапшы Андрей Чеботарев бізге Ұлттық экономика министрі Руслан Дәленовтің айтқандарына қатысты көзқарасын білдірген еді. Оның айтуынша, бензин бағасын Ресейдегі көрсеткішпен теңестіру бензин контрабандасы немесе басқа да біз білмейтін көлеңкелі құбылыстардың алдын алу неғайбыл. Бағаны 10 теңгеге көтеру дегеніміз 6,5 пайызға қымбаттатумен бірдей. Біз осы нұсқаны тандап алған күннің өзінде бензиніміздің Ресей ауып кетуінің алдын ала алмайды екенбіз. Себебі Ресейде 92 маркалы бензин 41,6 рубль, бұл біздің теңгемен есептегенде 254 теңге.

«Бұл баға қазіргі қолданыстағы бағамен салыстырғанда 67 пайызға көп ақша. Дәл осы формулада теңестіру үшін біз акциз бағасын 2,5 пайызға емес, 13 есе көтеруіміз керек» дейді А.Чеботарев.

Сарапшылар осы ретте бензин акциясы бағасына қатысты мәселе Үкіметті тығырыққа тіреп отырғанын ашық айтып отыр. Басқаша айтсақ, Ресейге бұрсақ – арба сынады, Еуропаға тартсақ – өгіз өледі.

Салыстыра кету үшін айтсақ, Германияда АИ-95 маркалі 1 литр бензин – 1,3 еуро, ал Испанияда – 1, 59 еуро. Теңгемен есептегендегі орташа баға 617-700 теңгенің айналасы. «Әлемдік нарықта 95 маркалі бензиннің

орташа бағасы 429 теңге. Демек, қазақстандық бензиннің ең арзан бағаға сатылып жатқанына ешкімнің күмәні жоқ. Сол себепті бағаны Ресеймен немесе Еуропамен теңестіруге емес, оның сапасын көтеруге басымдық берген дұрыс», дейді Андрей Чеботарев.

Сарапшылар біздің елдегі бензин бағасы шекаралар мен кеден бекеттерінде алыпсатарлықты өршітеді деп санайды. Бензин тапшылығын бастан өткерген өткен жылы осындай құбылыс байқалғанды. Бензин өндіру көлемі қазір 2018 жылмен салыстырғанда 12,9 пайызға, жағармай шығару 8,8 пайызға артыпты. Қазақстанда өндірілген бензиннің 40 пайызға жуығы Павлодар зауытынан шығады. 2020 жылдың соңына қарай Батыс Қазақстан облысында мұнайды тереңдетіп өңдейтін шағын зауыт іске қосылады. Түркістан облысында да сондай зауыт құрылысының 30 пайызы аяқталып қалды. Мұндай жағдайда бензин акциясы бағасын 2,5 есе көтеру тәуекелі жоғары шешім екен.

Бағаны 10 теңгеге, яғни 6,5 пайызға қымбаттату еліміздегі барлық позицияда бағаны 6,5 пайызға қымбаттатып жібереді деп санайды сарапшы А.Чеботарев. «6,5 пайыз инфляция бағаға әсер етеді. Министрлік бензин бағасын бірден емес, баяу өсіруге басымдық бергені дұрыс шығар. Сонымен бірге көлікке салынатын салық көлемін белгілеген кезде бензин бағасын да бірге қарастырған дұрыс. Бізге қазір ең дұрысы және оңтайлысы Ресей бағытына басымдық беру. Себебі еуропалық стандарттарға қарап бой түзейтін деңгейге жеткен жоқпыз» дейді ол.

Мұндай пікірді екінші сарапшы Сергей Тихонов та да қолдайды. Себебі Қазақстан бюджетінің қалтасы еуропалық бағаны көтермейді. Егер бұл шешім басым дауыспен қабылданып кетсе, күні ертең бензин индустриясы мемлекетке алақан жайып, субсидия сұрап шыға келеді. Біз мұнай-газ саласы

өкілдерінің тәбетін қарапайым халықтың қалтасын қағу арқылы қанағаттандыруға жол бермеуіміз керек. «Мен бензин акцизі бағасын 6-10 пайызға көтеруден өзге жол көріп тұрған жоқпын. Мұның өзі осы саланың инвестициялық тартымдылығына оң әсер ете алады. Іштерге баға Ресейге жақындаса, қазақ бензині сырт елге ауып кетпейді» дейді С.Тихонов.

Осы тұста сарапшылар ішкі нарықта бензин акцизінің бағасын көтеруден басқа жолдарды қарастыру керек екенін көптен айтып жүр. Қазір көрші елдермен баға айырмашылығы 100 теңгенің айналысында. 2025 жылға қарай ЕАЭО-да мұнай өнімдеріне қатысты ортақ баға қалыптасқан кезде жағдай мүлдем ушығып кетуі мүмкін. Мұндай жағдайда кедендік шекаралар бензинді ары-бері өткізуге ешқандай кедергі келтіре алмайды.

«Үкімет бензин бағасына қатысты шешімді қай уақытта қабылдайтыны белгісіз. Бірақ биылғы 1 желтоқсанда қабылдамайтыны анық. Жаңа айтып кеткенімдей, ең дұрысы – біртіндеп өсіру. Сол кезде халық жаңа бағаға психологиялық жағынан да дайын болады. Сол себепті бағаны өсіруге қатысты шешім қабылдаған кезде халықты ашуландырып алмайтын мүмкіндіктердің бәрін қарастырған дұрыс» дейді С.Тихонов.

Сөз басында айтып өткеніміздей, ЕАЭО нарығындағы мұнай өнімдерінің ортақ нарығын қалыптастыру туралы келісімнің күшіне енуіне 5 жылға жетпейтін уақыт қалды. 2025 жылдан бастап бензин мәселесінде ортақ заңмен өмір сүретін боламыз. Оған дейін Үкіметтің экономикалық блогы өгізді де өлтірмейтін, арбаны да сындырмайтын оңтайлы шешім қабылдағаны дұрыс. Әйтпесе ЕАЭО-ның мұнай өнімдері нарығында қазанның түбін жалап қалуымыз әбден мүмкін.

Дерек-көз: www.egemen.kz

В КАРАГАНДЕ ПОДВЕЛИ ИТОГИ ОБЛАСТНОГО КОНКУРСА НА ЗНАНИЕ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

Организовало событие учреждение «Қоғамдық келісім» аппарата акима области. Проект «Мың бала» содействует укреплению и развитию казахстанской идентичности и единства в процессе обучения к казахскому языку малышей и школьников, а также молодежи различных этнических групп. Его программа построена с учетом опыта международной практики культурно-языкового

погружения. То есть, обучающиеся практически полностью погружаются в культурную и языковую среду: смотрят фильмы и мультфильмы на государственном языке, защищают творческие проекты, ставят театрализованные представления, участвуют в конкурсах и соревнованиях.

На встрече в Доме дружбы наградили победителей в нескольких номинациях. В

конкурсе была категория «Тіл мектебі», где оценивали курсы по преподаванию казахского языка. Лучшей здесь стала педагог по казахскому языку и литературе карагандинской специализированной школы-интерната им. Жамбыла Шарипа Капашева.

В другой номинации, «Асыл сөз», победителем признали Виолетту Головастую из комплекса школы-детского сада им. К.Шай-

Новости региона

менова села Шахтерское. В творческой категории «Сен де бір кірпіш дүниеге...», конкурс по которой проводился на латинице, а также по результатам акции в социальных сетях победила Жанна Сеченева из школы-лицея им. А.Букейханова из Шахтинска. В четвертой номинации под названием «Өзім туралы» лучшей стала Карина Пантузенко, ученица карагандинской гимназии №93.

Победителям вручили денежные призы и дипломы.

Источник: <https://aqparat.info>

ТАҒЫ ДА ТІЛ ТУРАЛЫ ТОЛҒАНАМЫН

Қазақ тілім – өз тілім, ана тілім, Абай, Мұхтар сөйлеген дана тілім. Қастерлейді ұл-қызың мәңгі сені, Болашағым, бақытым, дара тілім- бұл менің жадымда сақтаған ұраным. Ана тілі - анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған, жүректің терен сырларын, халықтың басынан кешкен дәуірлерін ұрпақтан – ұрпаққа жеткізіп, сақтап отыратын қазына.

Тілді қастерлеу әрбір қазақстандықтың міндеті. Бұл – менің де міндетім. Өйткені бүгінгі таңда мемлекеттік тілді өз дәрежесінде үйрету – тіл мамандарымен қатар біз секілді журналистерге де үлкен міндеттер жүктеп отыр. Өзге ұлттардың мәдениетімен таныса жүріп, өзге ұлт өкілдеріне халқымыз тілін, салт-дәстүрін, мәдениетін, әдебиетін үйрету баршамыз үшін үлкен бақыт. Осы орайда тағы да Тіл туралы ойларымды жариялағым келді.

Тіл – мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Ана тілінің қадір-қасиетін мейлінше білген халқымыз оны ұлттың рухына, қазына байлығына балайды. Себебі, тіл – халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін-келбеті, ұлттық болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата дәстүрі. Біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз, ана тіліміз – қазақ тілі. Тіл – тәуелсіздіктің айғағы. Тіл мен егемендік егіз ұғым. Тілсіз – тәуелсіздік, егемендіксіз – тіл болмақ еместігі айдаң анық. Тіл – тәуелсіздіктің қуатты тірегі, бірлік пен ынтымақтың жығылмас туы. Қазақ елі тәуелсіз мемлекет болып орнағалы ширек ғасырдан асты. Мемлекеттік тілі – қазақ тілі деп жарияланды. Бізге тек осы ұстанымды жүзеге асыруға бар күш-жігерді аямай, еңбек ету ғана қалды. Тәуелсіз Қазақстанның болашағы – сіздер, яғни, қазақ жастары. Демек, сіздердің міндетіңіз – қазақ тілінің мәртебесін асыру болмақ. Осы тұста Елбасының «Қазақ пен қазақ қазақша сөйлессін», – деген ұлағатты сөзін ескермей кету мүмкін емес. Тәуелсіздік алғашы бері тіл саясаты жүргізілуде. Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мен тілге деген құрметті арттыру мақсатында көптеген мемлекеттік бағдарламалар мен іс-шаралар ұйымдастырылуда. Тіпті тіл үйренем деп ұмсынғандарға сыйақы да берілді.

Нәтижелері де аз емес. Алайда жастар арасында, кейбір мекемелерде қазақ тілінің жайы әлі күнге ақсап тұр. Соны көре отырып жүрегің қан жылайды. Бір жағынан, әлі күнге дейін орыс тілінің ырқынан шыға алмай жүргендімізден болар. Расында, қазақ халқының басында талай қиын нәубет, зұлматтың, қайғылы күндердің болғаны тарихтан белгілі. Еліміз жетпіс жылдай Кеңес Одағының қарамағында болды. Ата-анамыз орыс тілін ұлықтады. Себебі ол заманда орыс тілін білмегеннің күні қараң болды. Орыс тіліне мұқтаждықты күштеп танып қойды. Қазақ халқы өзінің тілін, ділін, тіпті салт-дәстүрін ұмытардай халге жетті. Дегенмен «сабақты ине сәтім» деген. Еліміз сан ғасыр аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізді. Тіліміздің түп тамырымен жойылып кетпегеніне шүкіршілік етуіміз керек тәрізді. Сондай ауыр сәттерде, сын сағаттарда атамекен қонысын тастап

босқан халықтың өзімен бірге алып жүрген байлығы – ана сүтімен санасына дарыған ана тілі ғана.

Алайда, жоғарыда айтып кеткендей, қанша жылдан бері атқарушы билік тіл туралы саясатты жүзеге асырып келе жатса да, қазақ тілінің дамуы әлі де болса кешеуілдеп тұр. Неліктен? Бір сөзбен айтқанда, мемлекеттік тілге деген мұқтаждықтың болмауынан. Өзіміздің қарақөз қазақтарымыз да қазақ тілінен гөрі орыс тілін қолайлайтыны жасырын емес. Олар отбасында сол тілде сөйлеп, тәрбие алғандар. Биік-биік орынтақтарда отырғандардың да ана тіліне болған махаббаты солғын, құрметі құрдым, қажетсіз дүние секілді. Ата-бабамыз елін, жерін, тілін, дінін жаудан өле-өлгенше қорғап өтті емес пе? Осыған бас ауыртатын ұлт жанашырларының саны қазіргі кезде некен саяқ. Себебі, көшеде бір қателіктер көріп жатсақ, үйреншікті нәрседей, бейқам жүре береміз. Ана тілі – ананың ақ сүтімен әр қазақ баласының бойына сіңген тіл емесе еді. Ана тіліміз арқылы ғана біз халқымызды, Отанымызды танып білеміз. Әр адамның азаматтық қасиеті – өз халқын, өзінің атамекенін қалай сүюімен, өз ана тілін қалай білуімен өлшенбек. Әркімнің тілге деген құрметін өз анасына, өз ұлтына, өз Отанына деген құрметінен білуге болады. Өз ана тілін ұмытқан адам – өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді, мақұрым қалады. Осыны қазақ жастары түсінсе екен деймін. Алайда осыны ескермей орыс тілінде шүлдірлеп, қазақ тіліндегі әнді тыңдауды қор санап жүрген қазақ жастары қаншама. Кейбір мекемелерге барсаң, орыс тілінде сауатты жазылған сөз қазақ тілінде мүлдем ұсқынсыз аударылып, есіктерінде ілініп тұрады. Мұны көргендердің бірі езу тартып күліп, енді бірі оған мән бермейді де. Біздің қоғамның басты кемшілігі де осы болар, бәлкім.

Қазіргі қоғам басқа тілді үйренуге еш шек қоймайды. Тіпті ағылшын тілі өмірімізге дендеп еніп келеді. Қанша тіл білемін десе де адамның өз еркі. Білсін, үйренсін, өзін әлемге танытсын. Дегенмен, қазақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеруге әр қазақтың үлесі болса екен дейміз. Өзгенің құлы емес өз еліміздің ұлқызы болайық, өзгенің емес, өз еліміздің тілін ұлықтап, мәртебесін асырайық! Бұл алақайлаған ұран емес, исі қазақтың әр баласына айтылған базына-тілек қана. Өйткені шын қазақ болсаң, қазақ екендігі ана тілінде анық және таза сөйлеуіңмен көрсет, дәлелде. Қалай болғанда да өз тіліңнің шынайы жанашыры, жаршысы, қорғаушысы, дамытушысы бола біл!

Еліміз өз тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен кейін, ана тіліміз – қазақ тілі мемлекеттік тіл болып бекітілді. Болашағымызды баянда етер қаруымыз – тіліміз. Өз басым, «Ана тілімізді құрметтейік!» – деп үнемі айтудан жалыққан емеспін. Сіздер де солай етуге міндеттісіздер!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
Приозерск қаласы.

БІЗДІҢ БЕЙІМБЕТ



Бейімбет Майлин туралы әңгіме болғанда, біздің замандастарымыз Кеңес үкіметінің қылышынан қан тамған дәуірде өмір сүріп, білім алғанымызбен, осынау тау тұлға және алаштың өзге де арыстары туралы бүгінгі

тәуелсіздік ұрпақтарына қарағанда көбірек білдік нем олардың шығармаларымен жете таныс болдық. Себебі, бүгінгі әдебиет оқулықтарына зер сала қарап отырсақ, онда бұл арыстар туралы мәліметтер тым шолақ және шығармалары да өте аз енген. Сондықтан да әдебиет саласының барлық жанрын қамти еңбек еткен Б.Майлиннің 125 жылдық мерейтойы барысында газетіміздің жас оқырмандарына бұл кісінің өмірбаяны туралы баяндап, таныстыра кетуді жөн санадық.

Бейімбет Майлин 1896-ж. Қостанай облысы, Таран ауданында дүниеге келген. Әкесі Жармағамбет те, атасы Майлы да кедей адамдар болған. Жастай жетім қалған Бейімбет шешесі Құлғызар мен әжесі Бойдастың тәрбиесінде өседі. Әжесі Бойдас кезі келгенде өлең де шығарып жіберетін сөзге ділмар жан болған. Бұл үйде ақындар, жыршылар жиі қонақ болып, ұзақ таңға небір дастандар жырланып, суырып салма айтыстар болып, өлеңдер айтылып тұрған. Оның үстіне шығыстың қиссаларын жақсы көретін әжесі кейіннен Бейімбет ауыл молдасынан хат таныған соң оған ұзақтанға жыр-дастандар оқытып, тыңдайтын болған. Осының барлығы жас Бейімбеттің сөз өнерін сүйіп, әдебиет жолына түсуіне ықпал жасады. Әуелі ауыл молдасынан сауат ашқан Бейімбет кейіннен Аргынбай қажының медресесінде екі жылдай дәріс алады. 1913-жылы Троицкідегі «Узифа» мектебінде, оны бітірген соң Уфадағы «Ғалия» медресесінде оқиды. Медреседе оқып жүргенде татардың Ғалымжан Ибрагимов, Мәжит Ғафури сияқты белгілі жазушылармен танысады. Осында шығып тұрған «Садақ» атты қолжазба журналға белсене араласып, өзінің алғашқы прозалық туындысы, «Шұғаның белгісі» әңгімесі жариялайды. Өлеңдері «Айқап» журналында басқа да басылымдарда шыға бастайды.

Осы жылдарда ол қазақ, татар, башқұрт, орыс әдебиеттерімен кеңірек танысып, әдеби сауаты арта түседі. Денсаулығына байланысты Майлин медресені аяқтай алмай, 1916-1921-жылдары ауылда бала оқытып, мұғалімдікпен айналысты. Осы кездерде 1916-жылғы ұлт-азаттық қозғалысына арналған, төңкерістен кейінгі кездердегі қазақ аулының тұрмысын суреттейтін бірсыпыра өлеңдер жазды. 1922-23-жылдары Орынборда шығып тұрған «Еңбекші қазақ» газетіне қызметке келеді. Газетте редактор болып істейтін белгілі революционер ақын Сәкен Сейфуллиннің қарамағында жұмыс жасау Майлиннің шығармашылық жолына үлкен

өзгерістер әкеледі. Еңбекші таптың саяси мүддесін көздеген өлеңдер жаза басатайды. «Еңбекші Қазақ» газеті бетінде өлең-әңгімелері жиі жарияланады. «Шұғаның белгісін» қайтадан өңдеп, «Қызыл Қазақстан» журналында бастырады. 1923-1925-жылдары Қостанайда шығып тұрған «Ауыл» газетінде істейді. «Раушан – коммунист» повесі осы кезде жазылады. 1934-1937-жылдар аралығында «Қазақ әдебиеті» газетінде редактор болды. 1937-жылы халық жауы деген жаламен ұсталып, 1938-жылы ақпанның 25-і күні атылып кетті.

Қазақтың «Біздің Бейімбеті» аталған арыс – поэзия, проза, драма саласында бірдей өнімді еңбек еткен қаламгер. Ол «Садақ» қолжазба журналында, «Айқап» журналында, «Қазақ» газетінде жарияланған алғашқы өлеңдерінен бастап-ақ ел өмірінің сан-сала көкейкесті мәселелеріне ден қояды. Сахара жұртының мұң-мұқтажын, арман-аңсарын, әсіресе азаттық-теңдік тақырыбын тілге тиек етеді. Бейімбеттің поэзиялық шығармаларындағы Мырқымбай – типтік кейіпкер деңгейіне көтерілген жиынтық бейне. Мырқымбай бейнесі арқылы Бейімбет сол кездегі қазақ кедейлерінің болмыс-бітімін, уақыт, қоғам аясындағы тіршілік-тынысын суреткерлік шыншылдықпен бедерлей алған. Бейімбет қазақ поэзиясында поэма жанрының өрісін ұзартып, өресін биіктетуге қомақты үлес қосқан. Оның «Байдың қызы», «Рәзия қыз», «Қашқын келіншек», «Маржан», «Өтірікке бәйге», «Кемпірдің ертегісі», «Хан күйеуі», «Мырқымбай» поэмалары тақырыбының әр алуандығымен, оқиғалық тартымдылығымен, өзіндік тіл-стильмен қазақ поэзиясының көрнекті үлгілерінің бірі болып табылады.

Бейімбет Майлин дарыны оның прозалық шығармаларында айрықша жарқырап көрінген. Әсіресе, қазақ прозасында әңгіме жанры Бейімбет шығармалары арқылы кемелдене түсті. Оның әңгімелері өмір шындығын дөп басып көрсететін реалистік тегеурінімен, көркемдік биік өресімен, тақырыбының әр алуандығымен дараланады. Ол – көркем әңгімелері арқылы өзі өмір сүрген заман тынысы мен қоғам өмірін энциклопедиялық кемелдікпен сомдай алған ұлы суреткер. Бейімбет – он беске тарта повесть, бұған қоса «Азамат Азаматович» атты роман жазған қаламгер. Оның «Қызыл жалау», «Қоңсылар» атты романдары аяқталмай қалған. Мұның сыртында ол – ірілі-ұсақты 25 пьеса, либретто, сценарийлердің авторы. Бейімбет Майлин шығармалары қазақ әдебиетін барлық салада байытқан рухани асыл қазына ретінде халқымен мәңгі бірге жасайтын болады. Сөздің басында айтқанымдай, біздің замандас ұрпақтар Бейімбеттің осында келтірілген шығармаларының дерлік бәрімен таныс болдық, оқыдық, жаттадық, драмалық шығармаларын сахналауға қатыстық. Б.Майлин шығармаларының қай-қайсысы болса да, әлі күнге өзекті нем жас ұрпаққа берсі мол. Сондықтан да бүгінгі жастарға Бейімбет аталарының шығармаларына көбірек үнілдір, дегім келеді.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
Приозерск қаласы.

Семинар мен жеке қабылдау

Ағымдағы жылдың 24 қазанында менің төрағалығыммен және Қарағанды облысы әкімі аппаратының Әдеп жөнін-



ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ӘКІМІ АППАРАТЫНЫҢ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛІНІҢ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

дегі уәкілі Г. Қабдыкәрімованың қатысуымен, қаланың мемлекеттік қызметшілері арасында семинар өткізілді.

Семинар барысында мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын, мемлекеттік қызмет саласындағы заңнама талаптарын сақтауы бойынша бірнеше сұрақтар талқыланды.

Семинардан кейін, Қарағанды облысы әкімі аппаратының әдеп жөніндегі уәкілі Г.

Қабдыкәрімова «Nur Otan» партиясының Приозерск қалалық филиалында мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын сақтау және мемлекеттік қызмет саласындағы заңнама талаптарын сақтау сұрақтары бойынша азаматтарды жеке қабылдау өткізді. Қабылдауға келген азаматтарға қойылған сұрақтар бойынша толық ақпараттар берілді.



А. Исатаев,
Қала әкімі
аппаратының басшысы,
әдеп жөніндегі уәкілі



Басты басымдық

Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – ЖОЛДАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Ұлт Қошбасшысының саяси еркіндіктің арқасында мемлекеттік тәуелсіздікті алған күннен бастап Қазақстан жүйелі және мақсатты түрде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын жүзеге асырып келеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Ж.Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауының құбылыс ретінде саналатын жемқорлықты жоюды – басты басымдықтарының бірі екенін айқындады.

Сонымен қатар, Елбасының ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының бес институционалды реформаларын жүзеге асыру бойынша алдағы уақытта сыбайлас жемқорлықпен күресудің жаңа басымдықтарын белгіледі және 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан Халқына Жолдауының тоғызыншы бағытында жемқорлықпен күресті және заңның үстемдігі.

Сыбайлас жемқорлық – заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат пен қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі.

Сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жою, құқықтық түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында



тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

Жемқорлыққа қарсы күресте барлық адамдар заң мен сот алдында тең. Жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру, сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою, олардың алдын-алу және барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзиреті шегінде күрес жүргізу, яғни жемқорлықпен күресу – жалпыға ортақ міндет.

Сыбайлас жемқорлық мемлекетіміздің беделін түсіреді, мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келтіреді, құқықтық мемлекет құру қағидаларын бұзады, мемлекетіміздің саяси экономикасына, саясатына зиян келтіреді. Жемқорлық елдің індеті, сол індеттен құтылу бәріміздің міндетіміз. Келешек ұрпақтың осы жаман жолға түспеуі үшін, болып жатқан жемқорлық қылмыстардың алдын алып оны болдырмау бәріміздің міндетіміз.

Б. Майбасов,
Приозерск қаласы Әділет басқармасының бас маманы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС - БАРШАМЫЗДЫҢ МІНДЕТІМІЗ

Қазіргі уақытта сыбайлас жемқорлық мәселесі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдатыны анық. Бүгінде Қазақстанда да сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі болып айқындалған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының негізгі бағыты мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру болып табылады, өйткені бүгінде азаматтардың мемлекеттік органдармен жасайтын кез келген қарым-қатынасы, бір жағынан, сыбайластықтан құрылған қызмет түрін қабылдаумен байланысты.

Халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтер сапасын арттыру, мемлекеттік қызметтердің ашық және тең қолжетімділігі Елбасының мемлекеттік органдардың алдына қойған негізгі міндеттерінің бірі. Мемлекеттік қызметтегі тұлғаларға қойылған «Әрбір мемлекеттік қызметкердің ары да жаны да таза, сауатты және білікті, біреуге тәуелді болмайтындай жағдайда болса екен», - деген талап жұртшылықтың пікірімен үндескендей.

Осы мақсатта Қарағанды облысының білім саласындағы бақылау департаменті сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар шараларын күшейту мақсатында лауазымды адамдар қызметіндегі тәртіп пен реттілікті нығайтуды қамтамасыз етуде.

Қарағанды облысының білім саласындағы бақылау департаменті мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне сәйкес 2 (екі) мемлекеттік қызмет көрсетеді: «Білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру» және «Білім туралы құжаттарға (түпнұсқалар) апостиль қою».

«Білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру» мемлекеттік қызметі заңды

тұлғаларға электронды түрінде "Е-лицензиялау" веб-порталы арқылы көрсетіледі. «Білім туралы құжаттарға (түпнұсқалар) апостиль қою» мемлекеттік қызметтің көрсету нысаны жеке тұлғаларға "Электрондық үкімет" веб-порталы және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетіледі. Регламентке сәйкес мемлекеттік қызмет алушылармен тікелей қарым-қатынасы жоқ.



Сыбайлас жемқорлықпен күресте көп нәрсе бүкіл қоғамның белсене атсалысуына байланысты. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті. Әр азамат өз құқығын жетіктей білсе жемқорлыққа жол болмайды. Департаменттің мемлекеттік қызметшілері өз құзиреттілігі шегінде заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуде жұмыс атқаруда.

Қазақстан болашағына сенімді және қарқынды дамып келе жатқан мемлекет, алдымызда әлі талай үлкен міндеттер тұр, талай сын кезеңдерден өтуге тура келеді және сапалы нәтижеге қол жеткізуіміз қажет.

Қарағанды облысының білім саласындағы бақылау департаменті

ТҮРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА ***

ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ НЫСАНЫН ТҮГЕНДЕУ (ПАСПОРТТАУ) ЖӘНЕ БЕЙІМДЕУ БОЙЫНША АҚПАРАТ

2019 жылға арналған мүмкіндігі шектеулі жандар үшін кедергісіз орта құру бойынша 2012-2019 жылдарға жоспар-кестеге сәйкес, Приозерск қаласында 51 әлеуметтік инфрақұрылым нысанына түгендеу (паспорттау) өткізілді. Бұл нысандар 100% интерактивті қол жетімділік картасына енгізілді.

51 паспортталған нысанның 43 нысан бейімделген, яғни бұл оның 84,3% -ын құрайды. 2019 жылы 12 нысанды бейімдеу жоспарланған, оның ішінде 4 нысан бейімделді (33,3%). Приозерск қаласында 230 мүмкіндігі шектеулі адам тұрады, оның 39 мүгедек балалар.

Приозерск қаласы бойынша инфрақұрылым объектілеріне мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың қол жетімділігін қамтамасыз ету бойынша Жол картасын орындау мақсатында, әлеуметтік нысандарды паспорттау бойынша жұмыс тобымен мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға қол жетімділікке жағдай жасау мәселелері бойынша мекемелер, органдар, шағын және орта бизнес ұйымдары басшыларымен 10 кездесу және 3 жиналыс өткізілді. Сондай-ақ, паспорттаудан өткен мәдениет, спорт, денсаулық сақтау, білім беру, шағын және орта бизнес нысандарында қол жетімділік қамтамасыз ету жұмыстары жалғасуда.

Қала кәсіпкерлерінің назарына, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Заңы негізінде, тиісті объектілерде мүгедектер үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етпеу, әкімшілік жауаптылыққа тартуға әкеп соғатындығын қаперлеріңізге саламыз:

1.Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңнамасын;

1)мүгедектердің әлеуметтік және көлік

инфрақұрылымы объектілеріне қол жеткізуді қамтамасыз етпеу;

2)мүгедектердің мәдени ойын-сауық іс-шараларына қол жеткізуі үшін жағдайларды қамтамасыз етпеу;

3)жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертігуге ұшыраған және (немесе) кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектерді кәсіптік оналту саласындағы міндеттерді жұмыс берушінің сақтамауы түрінде жасалған бұзушылық

- лауазымды адамдарға –50 АЕК (126 250 теңге),

-шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – 120 АЕК (303 000 теңге),

-орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 200 АЕК (505 000 теңге),

-ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 400 АЕК (1 010 000 теңге) мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2.Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет (әрекетсіздік)

-лауазымды адамдарға –80 АЕК,

-шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – 150 АЕК,

-орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 250 АЕК,

-ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 600 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3.Мүгедектерді оналтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектерді әлеуметтік оналту түрлерімен қамтамасыз етпеу – лауазымды адамдарға 20 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ

К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ ***

ИНФОРМАЦИЯ ПО ИНВЕНТАРИЗАЦИИ (ПАСПОРТИЗАЦИИ) И АДАПТАЦИИ ОБЪЕКТОВ

В 2019 года согласно плану-графику по созданию безбарьерной среды для лиц с ограниченными возможностями на 2012-2019 годы в городе Приозерск инвентаризацию (паспортизацию) прошел 51 объект социальной инфраструктуры. Данные объекты 100% внесены в интерактивную карту доступности.

Из паспортизованных 51 объектов, адаптировано 43, что составило 84,3%.

В 2019 году запланировано адаптировать 12 объектов, из которых 4 объектов адаптировано (33,3%). В городе Приозерск проживает 230 человек с ограниченными возможностями, из них 39 – это дети.

Согласно исполнения Дорожной карты по обеспечению доступа лиц с ограниченными возможностями к объектам инфраструктуры по г.Приозерск, рабочей группой по паспортизации социальных объектов проведено 10 встреч и 3 совещания с руководителями учреждений, органов, организаций малого, среднего бизнеса по вопросам создания условий доступности для лиц с ограниченными возможностями. Также продолжается работа в части доступности на объектах культуры, спорта, здравоохранения, образования, малого и среднего бизнеса прошедших паспортизацию.

Доводим до сведения индивидуальных предпринимателей города, о том что в соответствии ст. 83 Закона «Об административных правонарушениях» не обеспечение необходимых условий для инвалидов на соответствующих объектах влечет к привлечению к административной ответственности.

1.Нарушение законодательства Республики Казахстан о социальной защите инвалидов, совершенное в виде:

1)не обеспечения инвалидам доступа к объектам социальной и транспортной инфраструктуры;

2)не обеспечения условий для доступа инвалидов к культурно-зрелищным мероприятиям;

3)несоблюдения работодателем обязанностей в сфере профессиональной реабилитации инвалидов от трудового увечья и (или) профессионального заболевания, полученных по вине работодателя,

-влечет штраф на должностных лиц в размере 50 МРП (126 250 тенге),

-на субъектов малого предпринимательства в размере 120 МРП (303 000 тенге),

-на субъектов среднего предпринимательства в размере 200 МРП (505 000 тенге),

-на субъектов крупного предпринимательства в размере 400 МРП (1 010 000 тенге).

2.Действие (бездействие), предусмотренное частью первой настоящей статьи, совершенное повторно в течение года после наложения административного взыскания,

-влечет штраф на должностных лиц в размере 80 МРП,

-на субъектов малого предпринимательства – в размере 150 МРП,

-на субъектов среднего предпринимательства – в размере 250 МРП,

-на субъектов крупного предпринимательства – в размере 600 МРП.

3. Не предоставление инвалидам видов социальной реабилитации в соответствии с Индивидуальной программой реабилитации - влечет за собой штраф для должностных лиц в размере 20 МРП.

ГУ «Отдел занятости и социальных программ г. Приозерск»

Тәуелсіздік нышандары

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР- ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ МАҚТАНЫШЫ



Қазақстан Республикасы Конституциясының 9-бабында Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері - Туы, Елтаңбасы және Гимні бар. Олардың сипаттамасы және ресми пайдаланылу тәртібі конституциялық заңмен белгіленеді деп көрсетілген.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев «Біз Тәуелсіздігіміздің нышандарын көздің қарашығындай сақтауымыз керек, қасиет тұтуымыз керек, – деп атап көрсеткен болатын.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы Заңының талаптарына сәйкес, азаматтыққа және отансүйгіштікке, өз Отаны - Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, Қазақстан Республикасының мемлекеттік

рәміздерін құрметтеуді қалыптастыру, сондай-ақ олардың мәні мен маңызын түсіндіру мақсатында оларды оқыту жалпы орта, кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білім беру ұйымдарының негізгі жалпы білім беру бағдарламаларына енгізіледі.

Жалпы орта, кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында арнайы оқшауланған көрнекті орынға ұдайы Мемлекеттік Ту тігіледі, Мемлекеттік Елтаңба не олардың бейнесі, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Гимнінің мемлекеттік тілдегі мәтіні орналастырылады.

Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ Республика аумағында жүрген адамдар Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге міндетті. Себебі, мемлекеттік рәміздер – біздің ең киелі құндылықтарымыз. Рәміздер – біздің халқымыздың мақтанышы. Мемлекеттік рәміздерді қадірлеу еліміздегі азаматтардың мемлекет тәуелсіздігін құрметтеудің бір нышаны болып табылады.

Даулет Сатыбалдин,
Приозерск қалалық соты кеңсесінің
басшысы

РАСПИСАНИЕ ДВИЖЕНИЯ ПАССАЖИРСКИХ ПОЕЗДОВ ПО СТ.САРЫШАГАН

№ п/п	Сообщение	Приб.	Ст.	Отпр.	Дни следования
3	Алматы-2-Нур-Султан НЖ	23.09	10	23.19	ежедневно
4	Нур-Султан НЖ-Алматы-2	23.33	10	23.43	ежедневно
9	Алматы-1-Нур-Султан НЖ	02:50	15	03:05	ежедневно
10	Нур-Султан НЖ-Алматы-1	06:00	15	06:15	ежедневно
15	Алматы-2-Петропавловск	02:24	19	02:43	четным
16	Петропавловск-Алматы-2	18:46	15	19:01	нечетным
43	Алматы-1-Костанай	6:14	15	6:29	ежедневно
44	Костанай-Алматы-1	22:11	15	22:26	ежедневно
55	Кокшетау-Кызылорда	08:41	15	08:56	ежедневно
56	Кызылорда-Кокшетау	19:13	16	19:29	ежедневно
75	Кызылорда-Петропавловск	19:59	15	20:14	четным
76	Петропавловск-Кызылорда	13:49	15	14:04	четным
85	Нур-Султан НЖ-Сарыағаш	21:05	15	21:20	ежедневно
86	Сарыағаш-Нур-Султан НЖ	9:34	15	9:49	ежедневно
91	Кызылорда-Нур-Султан НЖ	15:30	10	15:40	нечетным
92	Нур-Султан НЖ-Кызылорда	02:41	10	02:51	четным
303	Алматы-2-Казань	06:25	15	06:40	среда
304	Казань-Алматы-2	07:54	15	08:09	понедельник
315	Ташкент-Екатеринбург	06:25	15	06:40	понедельник
316	Екатеринбург-Ташкент	07:54	15	08:09	четверг
373	Алматы-2-Жезказған	13:18	15	13:23	пн.чт.
374	Жезказған-Алматы-2	03:25	15	03:40	ср.суб.
707	Алматы2-Нур-Султан НЖ	01:28	10	01:38	ежедневно
708	Нур-Султан НЖ-Алматы2	02:03	10	02:13	ежедневно
705	Алматы2-Петропавловск	00:35	10	00:45	ежедневно
706	Петропавловск-Алматы-2	03:50	10	4:00	ежедневно
711	Шымкент-Нур-Султан НЖ	23:42	10	23:52	нечетный
712	Нур-Султан НЖ-Шымкент	02:41	10	02:51	нечетный
50	Алматы-2-Уральск	4.35	12	4.47	четным
49	Уральск-Алматы-2	4.46	10	4.56	четным

Собственник: ИП Струментов А.В.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-106.
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prz_westnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сағатбаева 15, Заказ № 44/636. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

ТҮРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

СЕТЕВОЙ ГРАФИК мероприятий по информационному сопровождению мероприятий в рамках Программы «Рухани жаңғыру» в г.Приозерск

№	Наименование мероприятия	Основное направление/ спецпроект	Дата проведения	Место проведения	Ответственные лица
1	Реализация проекта «Кел, ойнайық!», направленного на популяризацию массовых дворовых игр (асық ату, тоғызқұмалақ, шашки, домино, «Айгелек», игры с мячом, скакалкой и т.д.) с привлечением волонтеров, студентов и т.д. Мероприятие: Проведение комплекса мероприятий массовых дворовых игр	Прагматизм	26 октября 2019 года	г.Приозерск	Н.Стамкул
2	Организация и проведение комплекса мероприятий по пропаганде национальных видов спорта	«Тысяча лет степного фольклора и музыки»	26 октября 2019 года	г.Приозерск	Н.Стамкул

ГУ «Отдел физической культуры и спорта города Приозерск»

ҚҰРМЕТТІ ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫ!

2019 жылдың 5 қарашасында «Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінде Балқаш көшесі 5 үй мекенжайы бойынша «Ашық есік күні» өтетіндігін хабарлаймыз. Іс-шара аясында, сағ. 10.00-ден 18.00-ге дейін (түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін), барлық ниет білдіргендерге мемлекеттік қызмет түрлері бойынша кеңестер беріледі.

Жазылу және анықтама үшін 5-21-08.

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК!

5 ноября 2019 года в ГУ «Отдел занятости и социальных программ г. Приозерск» состоится «День открытых дверей» по адресу ул. Балхашская д.5. В рамках мероприятия с 9.00 час до 18.00 час (с перерывом на обед с 9.00 час. до 14.30 час) всем желающим будет оказана консультация по вопросам оказания государственных услуг.

Запись и справка по тел: 5-21-08.

МФО «ЭВЕРЕСТ ФИНАНС» ЖШС

ШАҒЫН НЕСИЕ

- ✓ зейнеткерлер мен жұмыс істейтіндерге
- ✓ 5 000 теңгеден 400 000 теңгеге дейін
- ✓ көпідкісіз екі аптадан алты жылға дейін
- ✓ несие тарихы бұзылған қарыз алушыларға
- ✓ 15 минутта!

ЭВЕРЕСТ
Финанс

ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ ЖЕҢІЛДІКТЕР!
ПЕНСИОНЕРАМ СКИДКИ!

МИКРОКРЕДИТЫ

- ✓ для пенсионеров и работающих
- ✓ от 5 000 до 400 000 тг
- ✓ без залога
- ✓ от двух недель до шести лет
- ✓ за 15 минут
- ✓ заемщикам с испорченной кредитной историей!

Г. БАЛХАШ, УЛ. БАЙСЕИТОВОЙ, Д. 8.

МАГАЗИН «МАСТЕРСКАЯ ЧУДЕС», 8 747 367 15 25, 8 (710 36) 4 87 28